

## **Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілігі қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 38 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 ақпанда № 31915 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 235-21) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 19.06.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілігі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі*

*Г. Бейсембаев*

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі  
2023 жылғы 17 ақпандағы  
№ 38 бұйрығына  
қосымша

## **Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілігі қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілігі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 235-21) тармақшасына сәйкес әзірленді және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілікті беру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 19.06.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры (бұдан әрі – Қор) – орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру мақсатында ақша түсімдерін есепке жатқызу және жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне сәйкес мемлекеттік қазынашылықта ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты (бұдан әрі – Қор шоты);

2) білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты (бұдан әрі – ЖАО шоты) – Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ақша түсімдерін есепке жатқызуға және оларды Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жұмсауға байланысты операцияларды есепке алуға арналған қолма-қол ақшаны бақылау шоты (білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты);

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) – білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3. Алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**4. Алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 2-тарау. Қор қаражатын бөлу тәртібі

5. Қор қаражатын бөлу құрылысы және (немесе) реконструкциялау (жапсарлас құрылыс) Қор қаражаты есебінен жүзеге асырылатын орта білім беру объектілерінің басым тізбесіне (бұдан әрі – Басым тізбе) сәйкес жүзеге асырылады.

6. Уәкілетті орган Басым тізбенің жобасын қалыптастыруды осы Қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі басқаратын жергілікті атқарушы органнан (бұдан әрі – ЖАО) келіп түскен өтінімдер бойынша (бұдан әрі – Өтінім) жасалған орта білім беру объектілерінің алдын ала тізбесі (бұдан әрі – Алдын ала тізбе) негізінде әрбір объект бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10722 болып тіркелген) Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес берілген жаңа орта білім беру объектілерін салуға немесе қолданыстағы орта білім беру объектілерін реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс) арналған техникалық-экономикалық негіздемелердің (заңнамада көзделген жағдайларда) және жобалау-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысын;

2) мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар, орындалған жұмыстардың қабылданған және төленген актілері, қағаз және электрондық жеткізгіштердегі өзара есеп айырысуларды салыстыру актілеріін (осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген орта білім беру объектілері бойынша);

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларына (осы Қағидалардың 10-тармағының 2), 3, 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген орта білім беру объектілері бойынша) сәйкес құжаттарын;

4) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-4) тармақшасына сәйкес қабылдаған тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының (мәслихатының) шешімін іске асыру туралы ЖАО қаулысын;

5) Қор қаражаты есебінен құрылысын салуды және (немесе) реконструкциялауды (жапсарлас құрылыс) жүзеге асыруға жоспарланған ЖАО өтінімінде көрсетілген орта білім беру объектілерін мақұлдау туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының (мәслихатының) тұрақты комиссияларының оң қорытындысын (осы Қағидалардың 10-тармағының 2), 3, 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген орта білім беру объектілері бойынша);

6) Қор қаражаты есебінен құрылысын салуды және (немесе) реконструкциялауды (жапсарлас құрылыс) жүзеге асыруға жоспарланған ЖАО өтінімінде көрсетілген орта білім беру объектілерін мақұлдау туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Қоғамдық кеңесінің оң қорытындысын (осы Қағидалардың 10-тармағының 2), 3, 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген орта білім беру объектілері бойынша);

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 702 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12425 болып тіркелген) бекітілген Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеруді жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшы не өз құрамында аттестатталған сарапшылары бар аккредиттелген ұйым берген ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптамалық қорытындысы.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 19.06.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

7. Уәкілетті орган ЖАО ұсынған Өтінімдерді қоса берілген құжаттармен бірге олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарайды.

Осы Қағидалардың 6-тармағында қарастырылған құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған немесе ЖАО Өтінімі осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген нысанға сәйкес келмеген кезде Уәкілетті орган ЖАО-ға оларды жою қажеттігі туралы жазбаша хабарлайды.

Уәкілетті орган ЖАО-ның Өтінімін Ұлттық білім беру дерек қорының мәліметтерін ескере отырып қарастырады және ЖАО-ның Өтінімінде көрсетілген орта білім беру объектілері Алдын ала тізбеге енгізіледі.

8. Алдын ала тізбеге енгізілген орта білім беру объектісінің сипаттамалары өзгерген не оны Алдын ала тізбеден алып тастау қажет болған кезде ЖАО уәкілетті органды жазбаша түрде хабардар етеді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 19.06.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Уәкілетті орган Алдын ала тізбенің негізінде Қор қаражаты шегінде Басым тізбе жобасын қалыптастырады.

Уәкілетті орган Басым тізбенің алғашқы жобасын қалыптастыруды 2023 жылғы 15 сәуірден кешіктірмей жүзеге асырады.

10. Басым тізбе жобасын қалыптастыру Алдын ала тізбеге енгізілген орта білім беру объектілерін мынадай басымдықтар бойынша іріктеу жолымен жүзеге асырылады:

1) құрылысы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін басталған апаттық, үш ауысымдық оқыту, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін және республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2023-2025 жылдары қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген, жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орны бар орта білім беру объектілерінің құрылысын аяқтау;

2) республикалық меншікке жататын орта білім беру объектілерін салу және (немесе) реконструкциялау (жапсарлас құрылыс);

3) перспективті елді мекендердің аумағында заңнамада белгіленген тәртіппен апатты деп танылған орта білім беру объектілерінің орнына жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған орта білім беру объектілерін салу;

4) Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасында көрсетілмеген өзге де елді мекендердің аумағында заңнамада белгіленген тәртіппен апатты деп танылған орта білім беру объектілерінің орнына жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған орта білім беру объектілерін салу;

5) перспективті елді мекендердің аумағында үш ауысымды оқыту мәселелерін шешу үшін жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған орта білім беру объектілерін салу және (немесе) қолданыстағы орта білім беру объектілерін реконструкциялау (жобалау қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған жапсарлас құрылысы);

6) Қағидалардың осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілмеген өзге елді мекендердің аумағында үш ауысымды оқыту мәселелерін шешу үшін жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған орта білім беру объектілерін салу және (немесе) қолданыстағы орта білім беру объектілерін реконструкциялау (жобалау қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған жапсарлас құрылысы);

7) оқушы орындарының тапшылығы мәселелерін шешу үшін жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған орта білім беру объектілерін салу және (немесе) қолданыстағы орта білім беру объектілерін реконструкциялау (жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған жапсарлас құрылысы);

8) перспективті елді мекендердің аумағында заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалған физикалық тозуы жоғары орта білім беру объектілерінің (апатты жағдайға дейінгі) орнына жобалық қуаты кемінде 100 оқушы орынға арналған орта білім беру объектілерін салу;

9) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, дарынды балаларға арналған орта білім беру объектілерін (арнаулы, мамандандырылған, жалпы үлгідегі ғимараттар, гимназиялар, лицейлер, мектеп-интернаттар) салу;

10) білім алушылардың тұруы үшін орта білім беру объектісі жанынан интернат ғимараттарын салу;

11) орта білім беру объектілерінің қосалқы ғимараттары мен құрылыстарын салу (спорт және акт залдары, асхана, қазандықтар).

Басым тәртіптен тыс Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының хаттамалық тапсырмаларына сәйкес Басым тізбенің жобасын қалыптастыру және/немесе өзектендіру кезінде орта білім беру объектілері енгізіледі.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген орта білім беру объектілері бойынша Басым тізбе жобасын қалыптастыру кезінде Уәкілетті орган 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төленген сома мен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жұмыстардың құны арасындағы айырмашылықты қарастырады.

12. Осы Қағидалардың 10-тармағында белгіленген бір басым санаттағы орта білім беру объектілерін салуды және (немесе) реконструкциялауды (жапсарлас құрылыс) іске асыру үшін Қорда қаражат жеткіліксіз болған жағдайда Басым тізбенің жобасына енгізу үшін орта білім беру объектілерін таңдауды Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген нәтижелілік, негізділік және тиімділік принциптерін ескере отырып жүргізеді.

13. Басым тізбенің жобасын Уәкілетті органның ведомстволық бюджеттік комиссиясы (бұдан әрі – ВБК) қарастырады.

ВБК мақұлдаған Басым тізбенің жобасы (қаржыландыруға қажетті сомаларды көрсете отырып, өңірлер мен орта білім беру объектілері бөлінісінде) үш жұмыс күні ішінде электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – РБК) қарауына шығару үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мына қосымшаларды:

- 1) Басым тізбе жобасын әр объект бойынша:  
жобаларды іске асыру мерзімдерін;

жобалық-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындылары бойынша жобалардың құнын;

осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген орта білім беру объектілері бойынша республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұрын бөлінген және төленген қаржылар туралы мәліметтерді көрсете отырып ;

2) Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды;

3) Уәкілетті органға белгіленген нысан бойынша ЖАО Өтінімін беру күнінің алдындағы айдың 1-не жағдайы бойынша бюджеттік инвестициялық жобалар (әр объект бойынша) мониторингінің қорытындылары бойынша, нысаналы даму трансферттерін, жергілікті бюджет қаражатын қоса алғанда есепті;

4) Уәкілетті органның аппараты басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған түсіндірме жазбаны;

5) ВБК хаттамасын;

6) орта білім беру объектілерін салудың және (немесе) реконструкциялаудың ( жапсарлас құрылыс) негізділігін растайтын құжаттар мен мәліметтерді қоса отырып жолдайды.

14. Уәкілетті орган есептердің негізділігін, дұрыстығын, РБК қарауына шығару үшін ұсынылған құжаттардың толықтығын қамтамасыз етеді.

15. РБК шешімі негізінде Қор есебінен қаржыландырылатын орта білім беру объектілері туралы ақпаратты қамтитын Басым тізбе бекітіледі.

Бекітілген Басым тізбе бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті ЖАО-ға жолданады және Уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

16. Уәкілетті орган Басым тізбе жобасының кейінгі қалыптастырылуын осы Тарауда белгіленген тәртіппен тоқсанына бір реттен артық емес жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Қор қаражатын жұмсау тәртібі**

17. Қор қаражаты орта білім беру объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс):

1) жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу;

2) қажетті сараптамалардан өту;

3) жер учаскелерін бөлу;

4) орта білім беру объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу ;

5) бұрын Қор есебінен қаржыландырылған орта білім беру объектілерін салудың және (немесе) реконструкциялаудың (жапсарлас құрылыс) сметалық құнын қымбаттауына байланысты шығыстарын қоспағанда жұмсалады.

Қағидалардың осы тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген шығындар жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

18. Бекітілген Басым тізбеге енгізілген орта білім беру объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс) Қор қаражаты толық көлемінде жіберіледі:

1) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысымен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамадағы құны бойынша – осы Қағидалардың 10-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11-тармақшаларында көрсетілген объектілер үшін;

2) 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген сома мен қабылданған жұмыс актілері бойынша бұрын төленген төлем қаражат арасындағы айырмашылық бойынша – осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілер үшін.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**19-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 10.04.2026 № 88-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Уәкілетті орган төлем шотты "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі арқылы қазынашылық органдарына РБК шешімін және бекітілген Басым тізбені қоса ұсына отырып Қор қаражатын ЖАО-ның тиісті шоттарына аударуды жүргізеді.

20. Орта білім беру объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс) Қор қаражатын жұмсау бойынша сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – Құрылыс басқармасы) ЖАО-ның тиісті шотының қаражатын басқарушы болып табылады.

21. Құрылыс басқармасы ЖАО шотынан қаражатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған Қор қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салу және (немесе) реконструкциялау (жапсарлас құрылыс) жөніндегі мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың негізінде жұмсайды.

22. Қор қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салу және (немесе) реконструкциялау (жапсарлас құрылыс) жөніндегі мемлекеттік сатып алу туралы шарттар қазынашылық органдарында тіркелуге жатпайды.

Бұл ретте, Құрылыс басқармасы Қор қаражаты есебінен осы Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген орта білім беру объектілерінің құрылысын және (немесе) реконструкциясын (жапсарлас құрылыс) қаржыландыру көздеріне өзгерістер енгізу және "қазынашылық органдарында тіркеусіз" мәртебесімен бұрын жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қосымша келісім жасау арқылы жүзеге асырады.

23. Бұрын бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылған және азаматтық-құқықтық мәмілелері аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелген объектілерді қоспағанда, құрылысы Қор қаражаты есебінен қаржыландырылатын орта білім беру объектілері бойынша басқа көздер есебінен қаржыландыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 19.06.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Қор қаражатын ЖАО шоттарынан пайдалануға байланысты төлемдерді жүргізу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерінің, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерінің (бұдан әрі – № 328 Рәсімдері) 6-тарауының 7-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 10.04.2026 № 88-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Қор шотын және ЖАО шоттарын жабу тәртібі № 328 Рәсімдердің 4-тарауының 8-параграфы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 10.04.2026 № 88-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Қор қаражатының жыл басындағы қалдықтары мемлекеттік бюджетке алып қоюға (аударуға) жатпайды.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Уәкілетті орган бекіткен Басым тізбеге енгізілмеген орта білім беру объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс) ЖАО шотынан қаражат жұмсауға жол берілмейді.

28. Мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу немесе аяқталған объектіні пайдалануға қабылдау қорытындылары бойынша ЖАО шотында қаражат үнемделген жағдайда ЖАО бір ай мерзімде үнемделген қаражатты Қор шотына қайтаруды жүргізеді.

29. Қор қаражатын пайдалануына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**4-тарау. Қор қаражатын пайдалану бойынша мониторинг және есептілік тәртібі**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

30-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 10.04.2026 № 88-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Уәкілетті орган қазынашылық органдарының ақпараттық жүйесі арқылы Қор шотына қаражат түсімдерінің мониторингін ай сайын жүргізеді.

31. Уәкілетті орган ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде "Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 262 бұйрығында көзделген нысан бойынша Қор түсімдері мен шығыстары туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ЖАО тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде Уәкілетті органға әрбір жоба бөлінісінде қаражатты игеру (құрылыс-монтаждау жұмыстарына, жобаны басқаруға, авторлық және техникалық қадағалауға арналған шығыстар бөлінісінде), орындалған жұмыстардың көлемі, объектінің дайындығы, объектіні пайдалануға берудің жоспарлы мерзімі, құрылған уақытша жұмыс орындарының саны туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қор шотының қаражатын пайдалану туралы есепті ұсынады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 19.06.2024 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. ЖАО тиісті орта білім беру объектісін салуға және (немесе) реконструкциялауға (жапсарлас құрылыс) жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттың болмауы себебінен ЖАО шотына қаражат түскен сәттен бастап алты ай ішінде пайдаланбаған жағдайда, Уәкілетті орган ЖАО-ның пайдаланылмаған қаражатты Қор шотына қайтару қажеттілігі туралы талабын жолдайды.

ЖАО Уәкілетті органның тиісті талабын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаражатты Қордың шотына қайтаруды жүргізеді.

Бұл ретте ЖАО осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес Өтінімді Уәкілетті органға қайта жолдайды.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау  
қорының  
қаражатын бөлу, жұмсау,  
мониторингтеу және  
есептілігі қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**Орта білім беру объектілерін салу және (немесе) реконструкциялау (жапсарлас құрылыс) объектілерінің Алдын ала тізбесіне енгізуге өтінім**

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының (бұдан әрі – Қор) қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілік қағидаларына сәйкес \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ әкімдігі (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

\_\_\_\_\_ (инвестициялық жобаның атауын көрсету)

басымдығы

(басым тәртіптің атауын көрсету)

бойынша Алдын ала тізбеге енгізуді сұрайды.

Орта білім беру объектісінің негізгі сәйкестендіру сипаттамалары:

- 1) сметалық құны \_\_\_\_\_ мың теңге;
- 2) техникалық-экономикалық негіздеменің/жобалау-сметалық құжаттаманың кешенді ведомстводан тыс сараптамасының оң қорытындысы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_;
- 3) жасалған мемлекеттік сатып алу шарты бойынша құны \_\_\_\_\_ мың теңге (1-басымдық бойынша жобалар үшін);
- 4) жобаның қуаттылығы \_\_\_\_\_ орын;
- 5) қабаттылығы \_\_\_\_\_;
- 6) ауданы (жалпы, кабинеттер) \_\_\_\_\_ шаршы метр;
- 7) орналасқан жері (мекенжайы) \_\_\_\_\_;
- 8) жер учаскесінің кадастрлық нөмірі \_\_\_\_\_;
- 9) жер учаскесінің ауданы \_\_\_\_\_.

Инвестициялық жоба бойынша Қордан қаржыландыруды талап етілетін сома \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (сандармен және жазумен) мың теңге.

Орта білім беру объектісін салу және (немесе) реконструкциялау Қор қаражаты есебінен қаржыландырудың қажеттілігіне, негізділігіне және орындылығына әсер ететін факторлар туындаған кезде, бұл туралы Білім беру саласындағы уәкілетті органды олар пайда болған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндеттенемін.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1.



№ п/п	циял ы қ жоба ның атауы	құжат таман ы н ведом ствод а н тыс кеше нді сарап тамас ының № және қорыт ынды күні	тың смета лык құны (мың теңге)	ған шарт тың № , күні, айы, жылы	қор дың қа ра жа ты есебі нен	жергі лікті жет есебін ен	Өнім беру ші	бизне с сәйке с тіндір у нөмір і	жаты н үнемд еу ( н ша мың теңге)	нәтиж е лері бойы үнемд еу ( теңге) еу ( теңге) мың теңге)	басқа лай үнемд еу ( е р мың теңге) ы ( ғы ( ы мың теңге)	мінде т темел е р сomas ы ( ғы ( ы мың теңге)	мінде тте мелер дің қалды ғы ( ы мың теңге)	% нысан ның дайы ндығ ы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Әкім (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана)

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы  
функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның  
басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны

Қаржы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын  
жергілікті атқарушы органның басшысы

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны

Ескертпе: "Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы орган шотының қаражатын пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

"Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы орган шотының қаражатын пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы орган шотының қаражатын пайдалану туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме**

Индексі: 1 – (Білім беру инфрақұрылымы)

Жиілігі: тоқсан сайын

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша осы түсініктеме жергілікті атқарушы органдардың білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотының қаражатын пайдалану туралы есебін жасауға және ұсынуға арналған.

2. Құндық мәндегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен толтырылады.

3. Есепке облыс әкімі, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның басшысы және қаржы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын басшы қол қояды. Есеп уәкілетті органға электрондық нұсқада ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме**

4. 1-бағанда инвестициялық жобаның реттік нөмірі көрсетіледі;

5. 2-бағанда инвестициялық жобаның атауы көрсетіледі;

6. 3-бағанда техникалық-экономикалық негіздеменің және жобалау-сметалық құжаттаманың ведомстводан тыс кешенді сараптамасының № және қорытынды күні көрсетіледі;

7. 4-бағанда құрылыстың сметалық құны көрсетіледі;

8. 5-бағанда өнім берушілермен жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

9. 6-бағанда қор қаражаты есебінен шарт бойынша құны көрсетіледі;

10. 7-бағанда жергілікті бюджет есебінен шарт бойынша құны көрсетіледі;

11. 8-бағанда өнім берушінің атауы көрсетіледі;

12. 9-бағанда өнім берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

13. 10-бағанда қаражаттың үнемделуі көрсетіледі;

14. 11-бағанда Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу көрсетіледі;

15. 12- бағанда өзге де үнемдеу көрсетіледі;

16. 13-бағанда төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

17. 14-бағанда шарт бойынша төленбеген міндеттемелердің қалдығы көрсетіледі;

18. 15-бағанда орта білім беру объектісінің дайындық пайызы көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК